

ХАТТАМА №1

Тақырыбы: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру»

Сынып жетекшілер ӘБ отырысы

Өткізілген күні: 2026 жылғы 26 тамыз

Өткізілген орны: биология кабинеті

Қатысқандар: сынып жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Өткен оқу жылындағы ӘБ жұмысының қорытындысын талдап, жаңа оқу жылының жылдық жұмысын жоспарлау.
- 2.Білім беру жүйесіндегі «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру, тәрбие сағаттарының тиімділігі
- 3.Бағдарлама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы
- 4.Сынып жетекшісінің лауазымдық қызметімен таныстыру
- 5.Мектеп жарғысымен және ішкі тәртіп ережесімен таныстыру
- 6.Сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру
- 7.Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз сөйлеп өткен оқу жылында сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігі тарапынан атқарылған жұмыстарға талдау жасады. Ол өз сөзінде тәрбие жұмыстарының жоспарлы түрде жүргізілгенін оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында түрлі мәдени көпшілік спорттық және зияткерлік іс шаралар өткізілгенін атап өтті. Сонымен қатар сынып жетекшілердің құжат жүргізу сапасы ата-аналармен байланыс орнату жұмыстары және оқушылардың тәртібі мен қатысуын бақылау нәтижелері сараланды. Жаңа оқу жылында тәрбие жұмысының сапасын арттыру оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұлттық құндылықтарды насихаттау және ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту негізгі міндеттердің бірі екендігі айтылды. Осыған байланысты 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары таныстырылып талқылауға ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары білім беру ұйымдарында енгізіліп отырған «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұны туралы жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бағдарламаның негізгі мақсаты оқушылардың бойында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық тәрбие негізінде тұлғалық қасиеттерді дамыту, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді нығайту екендігі айтылды. Сондай-ақ әр айда жүзеге асырылатын құндылықтар жүйесі таныстырылып тәрбие сағаттарын ұйымдастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі атап өтілді. Тәрбие сағаттарын өткізуде белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибелік жұмыстар мен пікір алмасу алаңдарын ұйымдастырудың маңыздылығы түсіндірілді.

Үшінші мәселе бойынша бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар таныстырылды. Атап айтқанда «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған тәрбиелік жобалар, экологиялық мәдениетті қалыптастыру шаралары, құқықтық сауаттылықты арттыруға арналған кездесулер және қайырымдылық бағытындағы акциялар туралы айтылды. Әрбір сынып жетекші өз сыныбында жобаларды жүйелі түрде жүргізіп олардың нәтижелерін мониторинг жасап отыру қажеттігі ескертілді.

Төртінші мәселе бойынша сынып жетекшілерге сынып жетекшісінің лауазымдық міндеттері түсіндірілді. Сынып жетекшісінің оқушылардың тәрбиесіне жауапты тұлға екендігі оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау ата-аналармен тұрақты байланыс

орнату оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құжаттарды талапқа сай жүргізу міндеттері кеңінен түсіндірілді Сонымен қатар сынып жетекшілердің құқықтары мен жауапкершіліктері туралы ақпарат берілді

Бесінші мәселе бойынша мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері таныстырылды Білім алушылардың мектеп аумағындағы мінез құлық мәдениеті мектеп формасын сақтау сабаққа кешікпеу тәртіп бұзушылықтардың алдын алу мәселелері түсіндірілді Сынып жетекшілерге аталған талаптарды оқушылар мен ата аналарға жеткізіп түсіндіру міндеттелді

Алтыншы мәселе бойынша сынып сағаттарына «Қауіпсіздік сағаттарын» кіріктіру мәселесі қаралды Қауіпсіздік сағаттары аясында жол қозғалысы ережелері өрт қауіпсіздігі интернет қауіпсіздігі тұрмыстық қауіпсіздік және төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер туралы түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттілігі айтылды Әрбір сынып жетекші қауіпсіздік тақырыптарын тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі ретінде қарастыруы керектігі ескертілді

Жетінші мәселе бойынша ата аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы туралы ақпарат берілді Орталықтың негізгі мақсаты ата аналардың тәрбиелік әлеуетін арттыру мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту және бала тәрбиесіне ортақ жауапкершілікті қалыптастыру екендігі айтылды Жыл бойы өткізілетін семинарлар тренингтер консультациялар мен кездесулер жоспары таныстырылды Сынып жетекшілерге ата аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету тапсырылды

Қаулы етеді

1 Өткен оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын

2 2026–2027 оқу жылына арналған сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары бекітілсін

3 «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру барлық сынып жетекшілерге міндеттелсін

4 Бағдарлама аясындағы жобалар жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілсін


5 Сынып жетекшілері лауазымдық міндеттерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етсін

6 Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережелері оқушылар мен ата аналарға түсіндірілсін

7 Әрбір тәрбие сағатына қауіпсіздік мәселелері кіріктіріліп тұрақты түрде жүргізілсін

8 Ата аналарды педагогикалық қолдау жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын

Сынып жетекші ӘБ
Хатшы



Молдрахметова С.А.
Қанат Н.Қ.